

Виртуалды көрме «Конституция – Еліміздің негізгі заңы»



«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз». – Ата Заңымыз осылай басталады.

ҚР Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Конституция туралы қанатты сөздері

«Азаттығымыздың айшықты айғағы болған
Ата Заң – тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы!»

«Халық – биліктің қайнар-көзі, Конституция –
көптің киелі сөзі»

«Ата Заң – біздің азаттық алғалы атқарған
барлық істеріміздің алтын таразысы»

«Конституциямыз – қабылданған күннен
бастап, тағдыр тоғыстырған көпұлтты
халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына
тұғыр болып келеді»

«Азат елдің ар-намысындай болған Ата
заңымыз – қазақтың ұлан-байтақ даласының
кеңдігін де, елінің ерлігі мен өрлігін
де бойына сыйғызған құдірет»


«Тәуелсіз елдің мызғымас тұғырына
айналған Ата заң – елдігіміздің киелі
кітабы іспетті қастерлі құжат»

«Ата заңымыз – қазақ мемлекетінің
дамылсыз дамуына, үздіксіз өсуіне
кепіл болған барша заңдарымыздың
қайнар көзі, бастау бұлағы»

«Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі
тарихқа тұғыр болған Ата заңымыз
салтанат құрып тұрғанда еліміз
толағай табыстарға бөлене бермек»



Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының Ата заңының қабылдануына 20 жыл толуына орай және конституциялық құқық мәселелеріне арналған әдебиеттер көрмесін ұсынамыз.



Конституция республикалық референдумда қабылданды 1995 жылыдың 30 тамызында. 1995 жылы 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.

Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерді орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады.



**Қазақстан Республикасының Конституциясы.-
Алматы: [Юрист], 2012.- 39б.**

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 1998 ж. 7 қазанда және 21 мамырда 2007 ж., 02 ақпан 2011 жылы енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен.



**Қазақстан Республикасының Конституциясы.
(фотосуреттерде) – Алматы. Дидар, 2005.-364 б.
– қазақ, орыс тілдерінде.**


Кітап үлкен көлемде, жақсы сападағы қағазда безендіріліп шығарылған. Кітапхана қорындағы Конституцияға арналған ең көлемді бұл фотоальбом кіріспемен ашылады. Ата заңымыздың тоғыз бөліміндегі 98 баптың әрбір жолы ұлы мұраттарға жол сілтейді. Кітаптан Конституцияның әр бөлімі, әр бабын оқып қана қоймай, өте көркем, әрі әсем суреттерді тамашалайсыздар. Бұл суреттер арқылы әрбір адам негізгі заңымызды жете түсінуге, жан-жақты ұғынуға мүмкіндік алады.



Назарбаев Н. Қазақстан жолы / Н. Назарбаев. - Астана, 2007.-372 б.

Елбасының кітабы Қазақстанның қазіргі тарихының аса күрделі де жарқын сәттерін баяндайды. Тоғыз тараудың әрқайсысы, тәуелсіз жас мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдарын ашып көрсетеді. Бұл – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын жасау жөніндегі жұмыс, қазіргі қолданыстағы ел Конституциясын қабылдау үрдісі, мұнай-газ ресурстарын игеруді бастау, ұлттық валютаны енгізу және табысты банк жүйесін құру туралы жазылған еңбек.

Кімде-кім еліміздің Негізгі заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын білгісі келсе, «1995 жылғы Конституция» тарауы арқылы таныса алады.




Қазақстан Республикасының Конституциясы : ғылыми-құқықтық түсініктеме / [ред. басқ. Ғ. Сапарғалиев; ауд. С. Бақтыгерейұлы; ҚР Әділет Министрлігі].- Алматы: Жеті жарғы, 1999.- 420б.

Назарларыңыздағы еңбекте Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясына ғылыми құқықтық түсініктеме беріледі. Барлық баптары мен қағидалары кіріспесінен бастап егжей-тегжейлі талдана отырып, Конституцияға қатысты нормативтік құқықтық актілер негізінде қазіргі заманғы заң ғылыми көзқарасы тұрғысынан зерделенеді. Қажетті реттерде Конституцияның құқықтық қағидаларын іске асыруға қатысты материалдар да пайдаланылған.




Сапарғалиев, Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Академиялық курс: Оқулық / Ғ. Сапарғалиев.- 4-бас.- Алматы: Жеті-Жарғы, 2013.- 533 б.

Оқулық жоғары оқу орындарының «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы» бағдарламалық курсына сәйкес жазылған, ол республика Конституциясына, құқықтық актілерге түсінік береді. Оқулықта республика Конституциясының өзіндік ерекшеліктеріне, еліміздің конституциялық заңдарының соңғы жетістіктеріне айрықшана назар аударылған. Заң жоғары оқу орындары мен факультеттерінің студенттеріне, орта және арнаулы орта оқу орындары оқушыларына арналған.




Исакова, Г. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы: Оқу құралы / Г. Исакова; Н.С. Ғазизова, А.Б. Сембаева.- Астана: Фолиант, 2008.- 296б.

Оқу құралында философиялық ойлау құқы тарихындағы адам құқының концепциясы, адам құқығы білімінің саласы ретінде талданады. Негізгі назар адам құқы тарихына (оның ішінде Қазақстандағы) бөлінген, ол адам және азамат құқылары туралы қазіргі кездегі ережелер негізінде шынайы құқықтық ойлар арасында қалыптасқан адамдар құқығы туралы туа біткен және жат түсініктер жатқандығын көрсетеді. Оқу құралында халықаралық тұрғыда адам құқығын қорғау мәселелері, адам құқығын халықаралық қорғау жүйесіндегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы мәселе қаралды.



Адам құқығын оқыту: мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал / Г.К. Искакова; Семей мемлекеттік пед. ин-ты.- Семей: Интеллект, 2008.- 113б.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралында адам құқығын оқытудың теориялық және практикалық мәселелері көтеріліп, адам құқығының оқытылу әдістемесі және адам құқығын оқытуға қатысты сабақ үлгілері мен бағдарламалар беріледі.



Кемали, М. Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері [Электрондық ресурс] / М. Кемали.- Алматы: NURPRESS.- 1 электрон. опт. диск (CD-ROM): 148 Мб.

Қазақстан Республикасы Конституциясында «ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп көрсетілген. Осындай деп Ата заңда бекіту мемлекеттен адам құқығы мен бостандығын тек қана мойындау емес, оны міндетті түрде қорғауды талап етеді.

Оқулықта адам құқықтарының түсінігі мен мәні, құқықтық мәртебенің ұғымы және құрылымы, оны қорғаудың халықаралық тетіктері, республикада адам құқықтарының сақталуы жөнінде мемлекеттік бақылау жүйесі және басқа да мәселелер қаралған.

Құрметті оқырмандар!

Тақырып бойынша және ұсынылып отырған әдебиеттермен Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің ғылыми кітапханасынан танысуға болады.

Дайындаған: Ж.Г.Кусаинова